



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

25 қараша
сейсенбі
№90 (2202)
2025 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

КЕЛЕШЕК МЕКТЕБІ: ҚАЛА МЕН АУЫЛДА БІЛІМ САПАСЫ БІРДЕЙ БОЛУЫ ТИІС

Бүгін қаладағы СПМК-70 шағын ауданында 1500 орындық «Келешек мектебі» ашылды. Оған ҚР Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенев, Мұрат Ергешбаев, құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, зиялы қауым өкілдері, ел ағалары қатысты.

Аймақ басшысы қала тұрғындарын, мұғалімдер мен оқушыларды жаңа мектептің ашылуымен құттықтап, жиналған жұртшылыққа ізгі тілегін айтты.

– Президентіміз «Баланың бәрі бірдей. Ауыл баласы мен қала баласының білім алу мүмкіндігі де бірдей болуы керек. «Келешек мектептері» жобасының негізгі мақсаты да осы» деген болатын. Бәсекеге қабілетті, заманның жаңа шақыртуларына дайын, озық ойлы ұрпақ тәрбиелеу – мемлекет алдындағы стратегиялық маңызды мәселе.

Сыр өңірінде Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен білім саласында ауқымды жобалар мен тың бастамалар жүзеге асуда. Аймағымыздың білім беру саласына соңғы үш жылда 812 млрд 245 млн теңге, биыл 346 млрд 800 млн теңге бөлінді. Өткен жылы 31 млрд 800 млн теңгеге 13 білім беру ұйымы жаңадан ашылды.

Баршаныңды жаңа мектептің ашылуымен құттықтаймын! Бұл – жай ғана ғимараттардың салынуы емес, жаңа дәуірде білім алатын озат оқушыларға жаңа мүмкіндіктер сыйлау. Жаңа мектеп әрбір оқушының асыл арманын оятатын, биік мақсатқа жетелейтін ізгі орын болсын! Санасы сергек, ойы ұшқыр, бәсекеге қабілетті оқушыларымыздың қатары көбейсін! – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Бұл «Келешек мектебі» ұлттық жоба аясында салынған өңірдегі 10-шы білім ордасы. Барлық сыныпта оқушы саны толық, балалар екі ауысыммен оқиды. Мұнда оқушылар білім алып қана қоймай, спортпен шұғылданып, шығармашылығын дамыта алады. Қосымша онға жуық үйірме жұмыс істейді.



Қызылорда облысында «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 54 млрд 391 млн теңгеге 10 жаңа мектеп салынды. 2023 жылдан бері 5 млрд 700 млн теңгеге 9 мектептің жанынан қосымша ғимарат бой көтерді. Бұл арқылы өңірдегі үш ауысымдық мектептер мәселесі түбегейлі шешімін тапты.

Салтанатты шарада білім беру саласының дамуына елеулі үлес қосқан мұғалімдер мен «Келешек мектебін» сапалы етіп салған мердігер мекеме қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

«Ақмешіт-ақпарат»

ҚАЛА ТЫНЫСЫ



ТАЗА ҚАЛАНЫҢ ҚҰПИЯСЫ

Бүгінгі Қызылорда бұрынғыға ұқсамайды. Қазір қала айнадай таза. Көшесінде коқис түгілі, қылау жоқ, тәртіп пен тазалығы үйлескен заманауи шаһар. Қала көшелерінің айнадай жарқырап тұруы, тұрғындардың мәдениеті ғана емес, қыруар еңбекті қажет ететін тазалық мекемесі қызметкерлерінің көзге көрінбейтін жұмысы. Олар үшін әр көше, әр бұрылыс, әрбір аялдама өз үйінің ауласындай. Таң атқаннан кеш батқанға дейін еңбек етіп жүрген жандардың ерен еңбегін

айтпай кетпеске болмас. Тазалықшылардың арқасында Қызылорда бүгінде таза қалаға айналып отыр. Қаланың тазалығын қадағалап, санитарлық жұмыстарды үздіксіз жүргізіп отырған мекеме – «Қызылорда тазалығы» ЖШС. Осы тұста қаланың таза болуына сеп болып жүрген мекеменің жұмысына шолу жасауды жөн көрдік. Қызылордада қаһарлы қыс болмаса да, мекемеге арнайы бардық.

2-БЕТТЕ

АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ

ҚАҒАЗСЫЗ ҚЫЗМЕТ, КЕЗЕКСІЗ ҚОҒАМ



Осыдан 20 жыл бұрын кез келген анықтаманы алу үшін кабинеттен кабинетке сабылып, бірнеше мемлекеттік мекеменің табалдырғын тоздыру сол заманның шындығы еді. Бір ғана қызметті алу үшін бірнеше құжат арқапқа сағаттап, кейде біраз күн уақыт күтуге тура келетін. Кейін 2005 жылы халыққа қызмет көрсету орталығы ашылды. Бұл Қазақстанның цифрлық кезеңге өтуінің алғашқы табалдырығындай еді. Осы өзгеріс азаматтардың мемлекеттік қызметке деген көзқарасын түбегейлі

өзгерте алды. 20 жылда түрлі қиындықтарды бастан өткерген азаматтарға арналған үкімет кооперациясы бүгінгі таңда нәтижеге жетіп үлкен орталыққа айналды. Осыған орай Н.Бекжанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық-драма театрында Қызылорда облысы ХҚКО-ның 20 жылдық мерейтойы аталып өтті. Атаулы жиынға Қызылорда облысы әкімінің бірінші орынбасары Данияр Еренғалиұлы арнайы қатысты.

2-БЕТТЕ

– Гүлсара Орынбасарқызы, ең алдымен, дизайнер мамандығын таңдауыңызға не себеп болғанын айтып берсеңіз.

– Дизайнер мамандығын таңдауыма бала кезімнен өнерге, сурет салуға және киімге деген қызығушылығым себеп болды. Киімнің адам үшін тек тұрмыстық қажеттілік емес, оның мінезін, болмысын, мәдениетін танытатын өзіндік өнер туындысы екенін ерте түсіндім. Сол түсінік қалыптасқаннан кейін осы саланы, саналы түрде таңдадым. 1996 жылы Қарағанды жоғары училищесінде модельер-конструктор, дизайнер мамандығы бойынша білім алдым, кейін жоғары білімді Болашақ университетінде жалғастырдым. 2006 жылдан бері Смағұл Ысқақов атындағы Қызылорда құрылыс және бизнес колледжінде педагог-инженер ретінде еңбек етіп келемін. Мен үшін киім үлгісінде ұлттық мәдениетімізді жаңа стильде көрсету, қазақы ою-өрнек пен дәстүрді қазіргі заман талғамына сай жеткізу өте маңызды. 2007 жылдан бастап «Ұрпақ тәрбиесінде ұлттық колореттің маңызы» бағыты бойынша жобалар әзірлеп жүрмін. Осы жоба негізінде студенттер облыстық байқауларда бірнеше мәрте жеңімпаз атанып, республикалық деңгейдегі дельфийлік ойындарда жүлделі орындарға ие болды. Бұл – бір адамның емес, ұжымдық шығармашылық жұмыстың, студент пен мұғалім еңбегінің ортақ нәтижесі. Бірнеше жыл қатарынан республикалық тест құрастырушысы болдым. «Фолант» баспасынан жарық көрген «Тігінші», «Пішуші», «Модельер» оқулықтарының авторымын, бұл еңбектер болашақ тігіншілер мен дизайнерлерге арналған теориялық әрі практикалық құрал іспетті. Сонымен қатар «Жас тігіншілер» байқауының ұйымдастырылуына, оның өткізілуіне және төрелігіне де белсенді атсалысып келемін.

4-БЕТТЕ

Баспасөз-2026

**АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА»
ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?**

Баспасөзге 2026 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүруде. Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңізге жазылуды ұмытпаңыз.

Жекелер үшін
6 айға – 4000 теңге, мекемелер үшін
– 5000 теңге.

Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар:
40-05-81, 70-14-08.



Гүлсара БАЙДІЛДАЕВА,
С.Ысқақов атындағы
Қызылорда құрылыс және
бизнес колледжінің оқытушысы:

Киім — қажеттілік ғана емес, өнер туындысы

Сән индустриясы – тек әдемі киім тігумен шектелмейтін, ойлау мәдениетін, технологияны, ұлттық болмысты жаңа қырынан танытатын сала. Әсіресе жас ұрпақты еңбекке, талғамға, шығармашылыққа баулуда киім дизайнының ролі ерекше. Гүлсара Орынбасарқызы – 20 жылдан астам осы оқу орнында педагог-инженер ретінде талай жастың кәсіби жолына бағыт-бағдар беріп келе жатқан мұғалім. Ұлттық нақышты заманауи үлгімен ұштастыра білетін маман ретінде өңірдегі сән мен тігін өндірісі саласына өзіндік қолтаңбасын қалыптастырды. Осы орайда Смағұл Ысқақов атындағы Қызылорда құрылыс және бизнес колледжінің оқытушысы, тігін өндірісі саласының тәжірибелі маманы, модельер-конструктор дизайнер Байділдаева Гүлсара Орынбасарқызымен сұхбаттасудың сәті түсті.

КӘСІПКЕРЛІК ҚАНАТ ЖАЙҒАН КЕНТ



Қала іргесіндегі Тасбөгет кенті соңғы жылдары кәсібі өрлеген, ғимараттармен көркейген, дүбірлі еңбекпен түлеген шырайлы елді мекенге айналды. Кент көшелерінің барлығы жарықтандырылып, жол, кәсіпкерлік өрге басуда.

Мәселен, кенттің биылғы бекітілген бюджеті 500,8 млн теңге болса, 10 айлық жоспар 448,3 млн теңгені құрап, 100 пайызға орындалған. Салық түсімінің жылдық жоспары 157 млн теңге болып болжанса, жоспар артығымен жүзеге асқан.

Ең өзекті мәселенің бірі инфрақұрылымды дамытуда да ілгерілеушілік бар. Нақтыласақ, кенттегі жаңа бейітті қоршау және тегістеуге қалалық бюджеттен 83,5 млн теңге бөлініп, мемлекеттік сатып алу конкурсы нәтижесінде «SM ORDA GROUP» ЖШС жеңімпаз мердігер жұмысты толық аяқтаған. Сонымен қатар кенттегі 95 көпқабатты үйдің 25-і апатты деп танылған еді. Сондай-ақ өткен жылы Наурыз, Тасарық шағын ауданындағы 10 үйдің шатырын жөндеуге қалалық бюджеттен 68 млн бөлінсе, қалалық бюджеттен бөлінген 104,5 млн теңгеге С.Сейфуллин №23, 8, Наурыз №65, 19, 11А, 31, 31А, 40, Қ.Баймағанбетов №7А, 3, Шүкіров №12, 14, Наурыз №7, 20, 70, Ә.Молдағұлова 39а, Ж.Махамбетов 31 көпқабатты 16 тұрғын үйлердің шатыры жөндеген.

Тұрғындардың сұранысына сай облыс және қала басшылығының қолдауымен кенттегі М.Шоқай көшесінің Ш.Есенов пен Қ.Баймағанбетов көшелерінің аралығы орташа жөндеуден өтіп, көліктердің қозғалысына кедергі келтірмейтін болды.

2-БЕТТЕ

ҚАҒАЗСЫЗ ҚЫЗМЕТ, КЕЗЕКСІЗ ҚОҒАМ

Халыққа қызмет көрсету жобасы мемлекеттік қызмет көрсету жүйесін түбегейлі жаңартудың жаңа жолына айналған еді. Сол кезеңде үкімет екі ірі жобаны қатар іске қосты: «Бір терезе» қағидатына негізделген ХҚКО жүйесі және электронды үкімет жобасы. Бұл азаматтардың әр есікке жүгіретін кеңестік үлгідегі бюрократияны жеңілдетуге, жылдам әрі қолайлы қызмет алуға көмектін тигізді.

ХҚКО тұжырымдамасын әзірлеу кезінде Ұлыбритания, АҚШ, Сингапур, Оңтүстік Корея сияқты елдердің тәжірибесіне сүйенді. Бұл мемлекеттерде «one stop shop» моделі кеңінен тараған. Дегенмен Қазақстан үкіметі жобаны түбегейлі көшіріп алмай, өз жағдайымызға бейімдеп шығарды. Алғашқы пилоттық жоба Астана мен Алматыда ашылып, бар-жоғы 25 мемлекеттік қызмет көрсетілді. 2007 жылдан бастап ХҚКО-ға заңды мәртебе беріліп, мемлекеттік қызметтер саны өсе бастады. 2004-2006 жылдары халықтың компьютерлік сауаттылығы 4,3 пайыз болса, интернет қолдану 2,8 пайыз ғана еді. Осыған қарамастан электронды үкімет порталы ХҚКО орталығымен үйлестіру жұмысын бастаған еді.



Жиынға арнайы қатысқан облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналиев орталық қызметкерлерін мерейтоймен құттықтап, аймақ басшысының құттықтауын жеткізді.

– Бұл ұйым құрылған кезде мемлекеттік қызметті жылдамдатуға бағытталған еді. 20 жылдан соң қойылған талаптардың біразы орындалды. Бір орында тұрмайтын, әрдайым қозғалыс пен дамуды қажет ететін заман ағымында Мемлекет басшысы өз жолдауында цифрлы құралдарды кең пайдалануды тапсырды. Өңірде 11 қызмет көрсету орталығы жұмыс істейді. 1295 қызмет түрі бойынша миллионнан астам қызмет көрсетілді. Сонымен қатар республика бойынша ең бірінші біздің өңірде ХҚКО жобасы енгізілді. Тұрғындардың уақытын үнемдуге арналған жобада баспана сатып алу, тұрғын үй кезегін білу, коммуналдық сала, жер алу мәселелеріне қатысты құжаттар енді бір орталықта рәсімделеді, – деді Данияр Еренғалиұлы.

Айтулы күн қарсаңында саладағы білікті мамандар бас қосты. Арасында «бір терезе» моделін құруға атсалысқан азаматтар да жеткілікті. Жиында сөз алған Загипа Яхияқызы халыққа қызмет көрсету орталығын ашу кезіндегі ой толғанысымен бөлісті.

– Осыдан 20 жыл бұрын қызмет көрсету орталығын ашамыз дегенде қолдау болмағанын жасыра алмаймын. Дегенмен табандылықтың арқасында, сол кезде бірге жұмыс істеген қыз-жігіттердің еңбегінің нәтижесін бүгінгі күнде көріп отырмыз. Алдағы уақытта да істейтін жұмыстар аз емес. Алғаш орталық ашылған жылы Әділет министрлігі қосылды. Сингапур мен Белоруссия елінің тәжірибесін ЖСН жүйесін қостым. Қазір ЖСН-ді енгізе қалсаңыз барлық жүйе бір орталыққа топтасып, қызмет алу жеңілдегенін көреміз, – деді Загипа Балиева.

Мерейтой аясында Халыққа қызмет көрсету орталықтарының сапасы мен сервисті жеңілдетуге үлес қосқан үздік қызметкерлерге, марапаттар мен арнайы төсбелгі табысталды. Айта кетейік, ХҚКО қызметкерлерінің материалдық жағдайын жақсарту мақсатында да жұмыс жүргізілуде.

Басы 1-бетте

Думан КЕҢШІЛІК

Биыл тасбөгеттіктер үшін жағымды жаңалық, облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының тапсырысымен 1,2 млрд теңге бөлініп, кенттегі ұзындығы 2,7 шақырымдық жылу құбыры жанартылуда. Бұл жұмыстар толық аяқталса, көпқабатты үйлер қыстың қытымыр аязында сыр бермейді.

– Кент тұрғындарының жиі көтеретін мәселесі – көшелерді жарықтандыру. Себебі көшелері толық асфальтталмаған, кедір-бұдыр шет аумақтарда бұл шынында, ойландыратын мәселе еді. Биыл бұл мәселеге нүкте қойылып, қала және кент бюджетінен бөлінген 53,5 млн теңгеге З.Мәмбетов, С.Сейфуллин, Н.Өткелбаев, Ә. Жангелдин, А. Жанкин, Ж. Әбілкасымов,

Бақдәулет «Өңірлік инвестиция орталығы» мекемесі арқылы 5 млн теңге қаржы алып, ауыл шаруашылығы өнімін өндірумен айналысуда.

Ал кент тұрғыны Руслан Ибраев биыл грант қаражатын ұтып алып, Тасбөгет кентінің орталығынан массаж кабинетін ашып, түрлі заманауи құрылғылар алып, кәсібін бастады.

– Бұрын кентте мұндай емдік қызмет түрі болмағандықтан, мемлекеттік бағдарламаның игілігін көрмек ниетпен грант қаражатын алуға үміткер болдым. Бақытыма орай өзім армандаған қаржыға қол жеткізіп, массаж креслосын, емге керекті құрылғылар алдым. Ал массажа келетін болсам, оның 80-нен астам әдісі, техникасы, әсер етуі және



пайдасы мен қарсы көрсетілімі бар. Адам денсаулығымен айналысқан соң барынша мұқият жұмыс істеу керек. Үнемі білімді жетілдіріп, массаждың көптеген түрін әлі де үйреніп келемін. Швед пен тай массажын жасаймын. Швед массажы өте кең таралған. Ол бұлшық еттің үстіңгі қабатындағы жұмсақ ырғақты тоқылдату қимылымен жасалады. Бұл нүктелі массаж қан тамырының спазмы, артроз, саусақ артрозы, асқазан-ішек патологиясы, бронх демікпесі, өкпе қабынуы, инсульт және көру, есту, дәм сезу бұзылысында қолданылады, – дейді жеке кәсіп иесі.

ҮЙРМЕНІҢ ҮЙРЕТЕРІ КӨП

Мектеп жасындағы балалардың ынта-сы мен қызығушылығын оятып, бос уақытын тиімді пайдалану үшін Оқушылар үйінің орны ерекше. Тасбөгет кентінде орналасқан «Қызылорда қаласының оқушылар мен жасөспірімдер үйінде» үйірме жұмысы жолға қойылып, тәлім-тәрбиемен суусындаған оқушылар халықаралық жарыстардан жүлдемен оралып жүр. Жоғары жетістіктің бәрі мұғалімнің үздіксіз еңбегінің нәтижесі екені белгілі.

Оқушылар мен жасөспірімдер үйінің директоры Гауһар Құдайбергенованың айтуынша, балалардың сабақтан тыс уақытын тиімді өткізу үшін үйірменің пайдасы зор. Оқушылардың бойындағы таланты мен өнеріне қарай қай үйірмеге барғысы келетінін өздері шешеді.

– Оқушылардың жетістігіне келер болсақ, ауыз толтырып айтатын жетістік бар. Мәселен, «Ән-терме» үйірмесінің «Асыл мұра» дәстүрлі әншілер ансамблі III халықаралық «Түркі Әлемі» атты халық аспаптар ансамбльдері мен оркестрлері байқау-фестивалінің I орын жеңімпазы атанды.

Сонымен қатар «BALBULAQ» балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығының ұйымдастыруымен өткен балалар мен жасөспірімдер арасындағы «Өнерге қанат қаккандар» VI халықаралық өнер байқауына қатысқан «Ән-терме» үйірмесі мүшелері Гүлсезім Өмірсерік, Нұрида Айдархан, Жанерке Батырбекқызы, Айдын Темірбек дәстүрлі ән аталымынан арнайы дипломмен марапатталды.

Астана қаласында өткен «Astana-Meget» XIX халықаралық орындаушылар конкурсында Мұхаммед Әли Ақтұрған және Жанерке Жанболатқызы сертификат алса, Ғабиден Мәделханов Кенен Өзірбаев атындағы арнайы дипломмен марапатталса, Нәсер Айдоуслы I орын иеленді, – дейді білім мекемесінің директоры.

Сонымен қатар үйірме мүшесі Нәсер Айдоуслы Астана қаласында өткен «Төрлет, еңбек адамы!» атты республикалық ақын-дар айтысының ашылуында әкесі Айдос Рахметовтің жыр арнауын орындап, қаржылай сертификат иеленген.

Осылайша, жұлдызы жаңған өнерпазымыз «Асыл мұра» дәстүрлі әншілер ансамблі «Nuray Art Fest» I халықаралық көпжанрлы байқауында бас жүлде иеленіп, Түркияға жолдама ұтып алған.

Тәрбие ұясында тұрақты түрде «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» тақырыбында «Бес асық» ойыны жүргізіледі. Апта сайын «Менің Қазақстаным» оқу аптасының басында бірінші сабақта барлық үйірмеде еліміздің әнұраны орындалады. Мұнан бөлек, жер ережесін, өмір қауіпсіздігін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, мінез-құлқын тәрбиелеу мақсатында күн сайын ақпарат беріледі. Бағдарламада ұсынылған әлеуметтік жобалар бойынша қосымша білім беру ұйымында «Шабыт» және «Балалар кітапханасы» жобасы жүзеге асуда.

Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА

КӘСІПКЕРЛІК ҚАНАТ ЖАЙҒАН КЕНТ

М.Абдраманов, Ж.Дүйсенов, С.Өтеуов және Т.Батыршаев, Е. Қосжанов Юсупов, Жалғасбаев көшелеріне 515 жарықшам орнатылған. Самаладай жарық көшелерде тасбөгеттіктер емін-еркін жүріп-тұруға мүмкіндік береді және ұсақ бұзақылыққа тосқауыл болады деп ойлаймын, – дейді кент әкімі Айдын Тыныштықбай.

Тасбөгет кенті бұрын Сырдария ауданының орталығы болған тарихы терең мекен. Арық жүйелерін мезгілінде тазалап отырса, аяқсу да көп бөлігіне келіп тұр. Бұған қоса кент аумағын абаттандыру және арық жүйелерін тазалау, аяқсумен қамтамасыз етуге қалалық бюджеттен 15 млн теңге қаржы қаралып, мердігер мекеме атсалысқан.

Ауызсу мәселесінде де іркіліс жоқ. Таза су тұрақты беріліп отыр. Ал биыл кентке қарасты Сабаласқ саяжайы тұрғындарының ауызсу мәселесі шешімін тапқан. Жобаны жүзеге асыруға облыстық бюджеттен 188,7 млн теңге және қалалық бюджеттен 200,3 млн теңге бөлініп, «Авангард ПГС» ЖШС жоспарға сәйкес қарқынды жұмыс жүргізуде.

Тасбөгет кентіндегі салық түсімін молайтып, экономиканы көтеріп отырған кәсіпкерлік саласы екені белгілі. Соған сәйкес әкімдік тарапынан кәсіпкерлікті қолдауға айырықша көңіл бөлінуде. Соңғы жылдары кентте кәсіптік бағытта бет бұрған тұрғындар саны күн сайын артып келеді.

Атап айтқанда, тіркелген кәсіпкерлік нысан саны 912-ні құрайды. Оның 638-і жеке кәсіпкер, 256-ы заңды тұлға, 18-і шаруа қожалығы. Биылдың өзінде 5 азық-түлік шағын маркеті, 2 көлік жуу бекеті, 2 дәмхана, 2 техникалық жөндеу орталығы (ТЖО) және 1 отбасылық кафе ашылды.

Өткен жылы кент тұрғындары мемлекет тарапынан кәсіпкерлікті қолдау, дамыту бағытындағы мемлекеттік бағдарламаларға қатысып, нәтижесінде 64 тұрғын өз жобаларын сәтті қорғап, 159,7 млн теңге көлемінде қаржы иемденіп, кәсібін дөңгелетуде.

«Бизнестің жол картасы – 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында «Бисенова» жеке кәсіпкерлігінің басшысы Айжан Бисенова 5 млн теңге мемлекеттік грант жеңіп алып, ультракүлгін бояуды пайдалану арқылы қабырғалық принтермен сурет салу қызметін ұсынууда.

2025 жылы ауыл шаруашылығы өнімдері дүкенінің иесі жас кәсіпкер Әділ

Басы 1-бетте



«Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» акциясы өтеді

Жыл сайын 25 қараша мен 10 желтоқсан аралығында бүкіл әлемде Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күндік белсенді әрекет акциясы өтеді.

Бұл акция 25 қараша – Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жою халықаралық күні мен 10 желтоқсан – Адам құқықтары күніне орай ұйымдастырылады. Бұл күндер арасы кездейсоқ таңдалмаған. Гендерлік зорлық-зомбылық пен адам құқықтары бір-бірімен тығыз байланысты.

Елімізде әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу бағытында ҚР ІІМ, мемлекеттік органдар, үкіметтік емес ұйымдар және халықаралық серіктестер бірігіп жұмыс істеуде.

Алайда статистика әлі де алаңдатарлық. Көптеген әйел зорлыққа ұшырағанын ашық айтуға қорқады немесе көмекке жүгінбейді.

Осы орайда, ҚР ІІМ-нің нұсқаулығына сәйкес, Қызылорда қаласының Полиция басқармасы Қоғамдық қауіпсіздік бөлімі Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бөлімше жұмыстарының басым бағыттарының бірі – зорлық-зомбылыққа қарсы әрекет ету.

2025 жылдың 25-қараша мен 10-желтоқсан аралығында қала көлемінде «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» акциясы өтеді.

Акцияның негізгі мақсаты:

– Отбасы-тұрмыс саласында орын алатын заң бұзушылықтардың профилактикасын күшейту;

– Қоғамдағы әйелдер мен балаларды қолдау, қорғау;

– Құқықтық сауаттылықты арттыру;

– Жәбірленушіге көмек көрсету жолдарын түсіндіру;

– Гендерлік теңдік пен адам құқықтарын қорғау;

– Қабылданып жатқан шаралар жайында ақпараттандыру жұмыстарын жүргізеді

Негізгі іс-шаралар:

Түсіндіру жұмыстары (мектеп, мекемелерде);

Ашық дәрістер, форумдар, тренингтер;

Жаяу шерулер, флешмобтар;

Онлайн науқандар, ақпараттық роликтер мен плакаттар тарату.

Қала тұрғындарының назарына! Біз не істей аламыз?

Зорлық-зомбылық байқасақ, үнсіз қалмайық;

Жәбірленушіні қолдайық, көмектесетін орындарға бағыттайық;

Қоғамда «зорлық – бұл қылмыс» деген ұстанымды белсенді наихаттайық.

«Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» – бұл тек ақпараттық науқан ғана емес. Бұл – әр адамның қауіпсіздік, теңдік және қадір-қасиетке лайық өмір сүру құқығын қолдайтын қозғалыс.

Біз әрекет етсек, зорлықты тоқтата аламыз!

Айгерім ЕРБОЛАТ,

Қызылорда қаласының Полиция басқармасы Қоғамдық қауіпсіздік бөлімі, Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бөлімшесінің бастығы, полиция майоры

Хан Кенені ұлықтаған күн

ауылдық аймағының Күнгей деп аталатыны тарихтан белгілі. Хан Кененің кәсі-ретті соңғы күніне куә болған жерлер сол маңдағы Кекілік, Сенгір таулары мен Өулишоқы. Ал Кекілік пен Сенгірдің аралығында жатқан Майтөбеге Кене хан ту тіккен.

Еліміз тәуелсіздік алған соң хан ұрпақтары Майтөбе басындағы қорым тастың қас ортасына биіктігі бес метрлік еңселі ескерткіш орнатты. Осы ескерткіштің айналасына көптеген қазақ руы атынан тағзым тұғыр тастары орнатылған. Тіпті мұнда туысқан өзбек, ұйғыр, татар, дүнген, орыс халқының атынан ескерткіш тақта қойылған.

Осындай тастұғырды Майтөбеге жуырда шөмен-шөмекей тайпасына қарасты, тоқа, көнек, аспан, бозғұл руының ұрпақтары қойды. Мұратбек Есболов қойған қара

түсті гранитке: «Ұлт азаттығы үшін мерт болған Кенесары хан мен қазақ батырларының аруағына тағзым. Кіші жүз, Алшын, Шөменұлы Шөмекей ұрпақтарынан, қараша, 2025 жыл» деп жазылған.

Іс-шараны Қызылорда облыстық мәслихат депутаты Садық Мұстафа ашты. Келелі басқосуда сексенін сенгіріне келген Қожамқұл Алдабергенов, Ізбасар Бердімұратов сөз сөйлеп, жиылған жұртшылыққа жылы лебізін білдірді.

Іс-шарадан соң Қордай ауданында Кенесары хан мен сарбаздарының аруағына арнап ас берілді. Асқа Тасбай Елханұлы ақсақал бата берсе, Оспан қари Әбдулқадір әруақтардың рухына құран бағыштады. Қордай ауданы, Жамбыл, Жанатұрмыс ауылдарының ақсақалдар кеңесі төрағасы Нұрбек Жөкеев, «Компания

Сырым Блеке» құрылыс компаниясының директоры, меценат Елмұрат Күнбеков, республикалық «Таң-Шолпан» әдеби журналының бас редакторы, жазушы Нұрлыбек Саматұлы мен ұйымдастырушылар Асан Әлжанов, Қорғанбай Көбеев, Жақып Мұхамедәмин, «Аспан-Дойт» компаниясының басшысы Айдарбек Жетесбаев, Мұратбек Есболов Қайрат Баймаханов сөз алып, хан Кене жорықтары туралы тарихи деректер айтты.

Ас соңында Сыр сүлейі Сәрсенбай жыраудың немересі, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы, дарынды жырау Майра Сәрсенбаева Базар жыраудың «Тіршіліктің түрлері» термесін толғап, жиылған жұртты тәтті етті.

Гауһар АСҚАРҚЫЗЫ

РОБОТОТЕХНИКА ӘЛЕМІНЕ ЖОЛ АШҚАН ҰСТАЗ

Т.Рыскулов атындағы №222 орта мектептің жас та болса, тәжірибелі мұғалімі Самат Абдрахманұлы – информатика мен робототехника саласын мектеп қабырғасында жүйелі дамытып жүрген мамандардың бірі. Ол бағдарлама авторы, бірнеше ғылыми жобаның жетекшісі, облыстық байқаулардың жеңімпаздарын тәрбиелеп жүрген нағыз жанашыл мұғалім.



Мұғалім ол бала кезінен-ақ ақпараттық технологияларға ерекше қызығушылық танытып, түрлі ғылыми жобаларға қатысып, үздіксіз ізденумен болды. Бұл қызығушылығы уақыт өте келе нақты мақсатқа, үлкен арманға ұласты.

– Бұл мамандықты таңдағаным кездейсоқ емес. Мектепте оқып жүрген кезімде-ақ ақпараттық технологияларға қатты қызығатынымын, түрлі ғылыми жобалармен айналысып, үнемі ізденісте болдым. Осы салада терең білім алып, оны басқаларға үйреткім келді. Сол себепті информатика пәнінің мұғалімі болуды саналы түрде таңдадым, – дейді ол.

Информатика мен робототехника – үнемі жаңарып отыратын, дамуы тоқтамайтын бағыт. Сондықтан Самат Абдрахманұлы сабақтарында тек теорияны емес, оқушылардың функционалдық сауаттылығын, өмірде қолдана алатын дағдыларын дамытуға басымдық береді. Нәтижеге қол жеткізу үшін STEAM, STEM, жобалық оқыту, геймификация секілді заманауи тәсілдерді күнделікті тәжірибесіне енгізіп отыр.

– Информатика мен робототехника – үнемі дамып, жаңарып отыратын пәндер. Сондықтан мен сабақта тек білім беріп қана қоймай, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға да көңіл бөлемін. Сабақ барысында балаларды белсенді жұмыс істеуге және нақты нәтиже шығаруға бағытталған әдістерді қолданамын. Жаңашыл тәсілдер – менің күнделікті жұмысымның ажырамас бөлігі. Мен тек осы әдістерді қолданушы ретінде ғана емес, жана әдістерді енгізіп, өз үлесімді қосып жүрмін. Мысалы, STEM моделі негізінде Arduino үйретуге арналған авторлық бағдарламалық әзірледім. Бұл оқушыларға инженерия, физика және бағдарламалауды қатар меңгеруге мүмкіндік беретін толық курс. Қазір бұл бағдарлама мектебімізде қолданылады, – дейді Самат Абдрахманұлы.

Робототехникаға қызығушылардың жасы да әртүрлі. Самат Абдрахманұлы үйірмеге қабылдауды ғылыми-педагогикалық тұрғыдан жүйелі қарайды.

– Робототехникаға балалардың қатысуы жасы негізінен қолданылатын платформа мен мақсатқа байланысты анықталады. Әдетте, ең алғашқы деңгейде 1-4 сынып оқушылары үшін – LEGO сияқты қарапайым құрылғылар өте қолайлы. Яғни 6-7 жастан бастап, моториканы дамытып, роботтың қозғалысын ойын арқылы түсінеді. Ал 5-6 сынып оқушылары Spike Prime немесе LEGO Mindstorms EV3 сынды күрделірек платформалармен жұмыс істей бастайды, алгоритмдерді түсініп, түрлі механизмдер құрастырады. Ал менің Arduino-ға негізделген авторлық бағдарламалық менгеру 12-13 жастағыларға қолайлы деп есептеймін. Өйткені бұл платформада жұмыс істеу үшін оқушыда физика бойынша базалық түсінік болуы және абстрактілі ойлау қабілеті дамыған болуы қажет. Arduino-да кодтау мәтіндік форматта жүргізілетіндіктен, оқушылар өз білімін тереңірек пайдаланып үйренеді, – дейді ол.

Arduino-ны негізгі платформа ретінде таңдауының да өзіндік себебі бар.

– Менің негізгі және тереңдетіп үйрететін платформам – Arduino. Дәл осы платформаға арнап авторлық бағдарлама жаздым. Неге Arduino-ны таңдадым? Себебі LEGO немесе басқа дайын конструкторларға қарағанда, Arduino оқушыны «шынайы инженерияға» жақындатады. Мұнда оқушылар тек дайын блоктарды құрастырмай, нақты электроникамен, сызбалармен жұмыс істейді. Блоктық кодтаудан өтіп, кәсіби C++ тіліне ұқсас мәтіндік

Қазіргі таңда «Қызылорда тазалығы» мекемесінде 90 арнайы техника, 240 жұмысшы және 70 жүк тиеуші қаланың 500-ден аса көшесінде күнделікті тазалық жұмыстарын жүргізеді. Бұл – бір күндік емес, жыл он екі ай бойы жүргізілетін үздіксіз еңбек. Тазалықшылар таңнан түске дейінгі уақытты тазалыққа арнаса, кешкі ауысымда тағы да сол қарбалас қайталаңады. Қызметкерлер үшін мекеме есебінен арнайы киім, жыл мезгіліне қарай қажетті құрал-жабдықтар, кешкі ауысымдағы қызметкерлер үшін жатын орны қарастырылған.

– Жаздың аптап ыстығында, қыстың аязды суығында қала тазалығына жауап беру оңай шаруа емес. Себебі біз кенседе, белгілі бір уақытпен жұмыс істемейміз. Жұмыстың қиындығы да осы. Көзге көрінбейтін жұмыс болғанымен, қаншама еңбек, маңдай тер жатыр. Мәселен, біз қала аумағын 12 секторға бөлеміз. Әр сектордың бригада жетекшісі, тазалық жұмыстарын атқаратын біртұтас құрамы бар. Сонымен қатар ауа райына қарай сақтық шаралары да қарастырылған. Әрбір тазалық қызметкері өзіне берілген жұмысты жүйелі орындайды. Мақсатымыз ортақ – Қызылорданы таза қалаға айналдыру, – дейді ОТБ бөлім басшысы Маржан Шанаева.



ТАЗА ҚАЛАНЫҢ ҚҰПИЯСЫ

Көзге көрінбейді...

Қала көшелерін сыпыру, тұрмыстық қалдықтарды жинау, оны полигонға жеткізу, жаз мезгілінде көшелерге арнайы көлікпен су себу, қоқыс жәшіктерін тазалау, бау-бақша аумақтарындағы шөпті шабу, жол бойындағы бордюрлерді ретке келтіру, өкпе, қыс мезгілінде көшені қардан тазалау, көктайғақ болдырмау мақсатында құм-тұз аралас қоспа себу осының барлығы күн сайын жүргізіледі. Қала тазалығы жай ғана қоқыс жинау емес, бұл тұрғындар үшін қолайлы орта қалыптастыру. Осы орайда, тазалық қызметкерлерінің ерен еңбегін айтпай кетпеске болмас.

– Осы мекемеге келгеніме екі жыл болды. Адал еңбегімнің арқасында балаларымды асырап, табыс тауып жүрмін. Әдетте, мұндай жұмыстарды істеуге көпшілік намыстанып жатады. Ал мен өз жұмысыма ешқашан да намыстанған емеспін. Өмірдегі басты қағидам – қандай жұмыс болса да, адал атқару. Өрине, жұмысымыз оңай емес. Таң атысымен, күн ұясына бағам дегенше далада жүреміз. Алдымызда қыс келе жатыр. Қыс мезгілі тіпті қиын. Суық күнде қар күреп, жолдағы мұздарды оямыз. Мұның барлығы халық үшін жасалады. Көзге көрінбейтін жұмыстың артында қаншама тазалық қызметкері тұрғанын қала тұрғындары ұғынса деймін. Себебі көшеге тастаған әрбір қоқыс тек табиғатқа емес, адамзатқа да қауіпті болмақ. Сондықтан тазалықты әрбір жан өзінен бастағаны абзал. Ал жұмысыма келер болсақ, осы еңбегімнің арқасында облыс әкімінен марапат алдым. Бұл – елеулі еңбегімнің еленген сәті деп білемін, – дейді тазалық қызметкері Гүлнәр Оразқызы.

Ауыр техниканы басқару да өнер

Жүргізушілердің де ерен еңбегін атап өтпеске болмас. Қала көшелерін күн сайын тазартып, ауыр техниканы басқару оңай шаруа емес. Бұл істің артында тынымсыз еңбек, төзім мен жауапкершілік жатыр.

– Бұл салада еңбек етіп жүргеніме үш жылға жуықтады. Осы уақыт ішінде бұл жұмыстың оңай еместігін, әр күннің өз сынағы бар екенін түсіндім. Өрине, жұмыстың оңайы жоқ. Ал жұмысқа шағымдану дұрыс емес. Аяқ-қолың сау неге жұмыс істемеске дегім келеді. Ең маңыздысы, адалынан атқарсаң болғаны. Шын мәнінде тазалық қызметкерлері үшін уақыт деген ұғым кейде маңызын жоғалтқандай көрінеді. Күннің суығын да, түннің қаранғысын да елемей жұмысқа шығамыз. Қыс мезгілі тіпті қиын. Қар аралас жанбыр жауып, жол көктайғақ болған кезде ел жүретін көшелер қауіпсіз болуы үшін мұзға қарсы құм себеміз. Бұл – жауапкершілігі жоғары жұмыс. Ал ауыр техниканы басқару өз алдына бір өнер. Ол үшін шыдамдылық та, ептілік те керек. Кейде таң атпай жолға шығамыз. Кейде түн ортасына дейін жұмыс істейтін сәттер болады. Бірақ мұның бәріне мойымаймыз. Себебі біздің мақсат – қаланың тазалығын сақтау. Ал қала жұртшылығы таза, көрікті көшелермен жүрсе еңбегіміздің жемісі сол, – дейді жүргізуші Максим Жомартұлы.

Басы 1-бетте



Тазалық мекемесінде кәсіптік жасқа толған азаматтар жұмыс істей алады. Алайда мұнда басым бөлігі зейнет жасына жуықтап қалған жандар.

– Біз жұмысқа денсаулығында ақауы жоқ жандарды қабылдауға тырысамыз. Себебі бұл кенседе отырып істейтін жұмыс емес. Көшені тазалау барысында сақтық шараларын сақтау қажеттігі қатаң ескертіледі. Өйткені зулаған көлік, табиғи апаттар болуы ғажап емес. Алайда біздің мекемеде басым бөлігі зейнет жасына жакындаған жандар. Жастар мұндай жұмыстарды істеуден қашады. Сол себепті жұмысшылардың айлық табысын көтеруге өтінім бердік, – дейді М. Шанаева.

2025 жылдың алғашқы он айында қала аумағынан 85137 тонна қоқыс шығарылған. Бұл – айына орта есеппен 8513 тонна, ал бір күнде 284 тонна қалдықтың полигонға жеткізілгенін көрсетеді. Полигонға жеткізілген қоқыстар қайта сұрыпталыады. Ал 2024 жылы бұл көрсеткіш 79196 тонна болған. Яғни қалада тіршілік қарқыны артып, адам саны көбейіп, қоқыс көлемі артқанымен, тазалық жұмыстарының сапасы төмендеген жоқ. Сондай-ақ бей-берекет қоқыс орындарын азайту мақсатында мобилді топ құрылып, бейнекамералар орнатылған. Санитарлық талапты бұзған тұрғындарға ескерту беріліп, айыппұл салынады. «Қызылорда тазалығы» кәсіпорнының сектор меңгерушісі Гүлзінат Жұмабекованың айтуынша, енді қала аумағында бей-берекет қоқыс тастаған тұрғындар заң алдында жауап береді.

– Заң бәріне ортақ. Қала тазалығын бұзған азаматтарға «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекстің 505-бабы негізінде ескерту беріледі. Ал 434-баптың 2-тармағы бойынша айыппұл салу қарастырылған. Сонымен қатар бейнекамералар орнатылып, рейдтік жұмыстар күнделікті жүргізілуде, – дейді сектор меңгерушісі.

Қысқа дайындық қалай?

Қыс мезгілі қай өңірді болсын, толғандыратын, тазалық қызметкерлеріне үлкен жауапкершілік артылатын уақыт. Аяз, қар, көктайғақ секілді табиғат құбылыстары жыл сайын көше тазалығы қызметіне үлкен жүк артады. Осыған орай, мекеме 59 арнайы техниканы қысқа дайындап, 2000 тонна құм мен 400 тонна тұзға тапсырыс берілген. Осы бағытта қала бойынша жыл сайын 80 көше қардан тазаланып, құм-тұз аралас қоспа себіледі. Жаяу жүргінші жолдары, аялдамалар, бордюр жиегін жұмысшылар арнайы техникалық құралдармен тазалайды. Мұнда 2 басқарушы, 2 сектор меңгерушісі, 12 шебер, 59 жүргізуші және 195 жұмысшы жұмылдырылып, жалпы алғанда қысқы

маусымда қала тазалығына 270 адам қызмет көрсетпек.

2025-2026 жылғы қыс мезгіліне арналған техникалар да алдын ала жоспарланған. Қала жолдарын күтіп ұстауға 59 арнайы техника дайын тұр. Оның ішінде көпбейінді жүк көліктері, қар тазалайтын арнайы техникалар, тракторлар, жаяу жүргінші жолдарын тазалайтын шағын машиналар және қар тиегіш сынды ауыр техникалар бар. Барлық техника толық дайындықтан өткізіліп, кез келген уақытта жұмыс істеуге әзір.

– Қысқа дайындық қарқынды жүріп жатыр. Техникалардың барлығы толық тексеруден өткен. Қыс мезгіліне дайынбыз десек те болады. Биыл Қызылорда таза қала ретінде республикада көш бастап тұр. Бұл тазалық қызметкерлерінің еңбегі деп білемін. Кейде бізге қала тұрғындары шағымын білдіріп жатады. Неге десеңіздер, «қарды күрмей қоя тұрыңыздар. Қысты сезінейік» деп айтады. Әр тазалық қызметкері өзіне берілген аймақты тез тазалайды. Міне, бұл – таза қала Қызылорданың айғағы, – дейді Гүлзінат Жұмабекова.

Тұрғындардың жауапкершілігі қандай деңгейде?

Қала тазалығы тек техниканың күшіне ғана емес, тұрғындардың жауапкершілігіне де байланысты. Қазіргі таңда көпқабатты үйлер бойынша 120634 адам, жеке секторда 62007 адам, ал заңды тұлғалар бойынша 2853 нысан кәсіпорнымен келісімшарт жасаған. Әр адамнан алынатын тариф белгіленіп, төлем жүйесі реттелген. Бұл қызметтің тұрақты, сапалы жүруіне негіз болмақ.

Тәртіп орнаған жерде тазалық болады, тазалығы бар қалада мәдениет қалыптасады. Қызылорданың бүгінгі келбеті – жаңарған сананың, еңбектің, тәртіп пен мәдениеттің жемісі. Таза қала – бір күндік шаруа емес, күнделікті жүйелі жұмыстың нәтижесі.

Айдана БАХТИЯР



РУХАНИ ШҰҒЫЛА ШАШҚАН КЕШ

А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен Сырдың сыршыл ақыны, «Тұран» сыйлығының иегері, Мәдениет саласының үздігі, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, «Таңсәрі», «Сезім – серуен», «Қыр гүлі» жыр жинақтарының авторы, белгілі ақын Ғазиза Әбділаның 50 жас мерейтойына арналған «Сезім мен Сырдың самалы» атты әдеби-сазды кеш өтті.

Рухани кешті «Қалалық мәдениет үйлері, клубтар және халықтық ұжымдар» МКҚК директоры Эльмира Қанатбаева ашып, қала әкімі Нұржан Ахатовтың құттықтау хатын табыстап, ізгі лебізін білдірді.

Мұнан соң сөз алған Жалағаш ауданы әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов мерейтой иесі, ақын Ғазиза Әбділаның аудандық «Жалағаш жаршысы» газетіндегі қызметіне ерекше тоқталып, жалағаштықтардың жылы сәлемін жеткізіп, Жалағаш ауданы әкімі Ардақ Ибраһимовтың құттықтауын табыстап, сый-сияпат көрсетті.

Айта кетейік, Ғазиза Әбділа Жалағаш ауданында дүниеге келген. «Жалағаш жаршысы» газетінде әдеби қызметкер, жауапты хатшы, 2010-2017 жылдар аралығында басылымның директор-редакторы, бас редакторы қызметтерін атқарды. Бүгінде облыстық «Сыр бойы» газетінің бөлім меңгерушісі.

Ғазизаның жырларының көпшілігі лирикалық тақырыпта жазылғанмен, ақын

туған жерге, ата-анаға деген жүрек-те тулаған сезімдерін кестелі өлең өрнектерімен жеткізуді бір сәт естен шығармаған. Студент жастар мәнерлеп оқыған «Сейхунмен сырласу» жырында ақын өз махаббатын Сыр толқындарына наздана жеткізеді.

Ей, Сейхундария,
Тіл қаттым саған наздана,
Сабыр ет тыңдап аз ғана.

Тулаған толқындарыңа,
Сырымды шертіп қоздаған.
Бойымды шарпып өтеді,
Бұлқынып бір күй боздаған.
Мен дағы бір мұңлығым,
Жүрегінде махаббат оты маздаған,
Жанымның шерін қоздаған..., – деген тебіреністі өлең жолдары кез келген жырға, өнерге ғашық жанның жүрек қылын қозғайды.

Ал «Беу, дүние!» өлеңіндегі ақынның теңеуі көңіл ояу жанға терең ой салады. Келешекке кезім көп аландаған,
Көңілімнің дауасын таба алмаған.
Тарам-тарам тұрлаусыз ойым жатыр,
Тарқатылған бұрымдай таралмаған.
Саятшыдай қызықтап аң аулаған,
Тапқан олжам тұрса да таяу маған.
Жолдас көріп біреуді жаңылысып,
Жүген ұстап көбіне жаяу қалам.

Ақын өлеңдерін қырғыз ақыны Кундыз Суранбаев пен Накан Жазының қырғыз тіліне аударуы да өлең құдіретінің тереңдігін паш етсе керек.

Кеш барысында ақын Қатира Жәленова, Қазақстан Жазушылар одағының облыстағы өкілі Қаршыға Есімсейітова, «Сыр медиа» ЖШС директоры Марат Аралбаев пен «Сыр бойы» газетінің бас редакторы Қуат Шарабидинов, ақын Дүйсенбек Аяшұлы жүрекжарды тілегін арнап, сый-сияпат жасады. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің оқытушысы Аяғөз Қожақова ақын поэзиясының ерекшелігін тоқталды. Кеш соңында мерейтой иесі Ғазиза Әбділа кеш қонақтарына алғысын білдіріп, оқырмандарына қолтаңба жазып, кітабын сыйлады.

Гайһар АСҚАРҚЫЗЫ
Суретті түсірген Н.НҮРЖАУБАЙ

– Қазіргі жастардың дизайн саласына қызығушылығы қандай деңгейде? Жас толқын бұл мамандыққа қаншалықты бет бұруда?

– Жастардың дизайн саласына қызығушылығы өте жоғары деп сеніммен айта аламын. Жастардың басым бөлігі креативті ойлауға бейім, трендтерді тез қабылдайды және өзіндік стиль қалыптастыруға ұмтылады. Әсіресе цифрлық fashion-дизайн, 3D модельдеу, заманауи конструкциялау сияқты бағыттарға деген қызығушылығы күн сайын артып келеді. Біздің студенттер сән әлеміндегі жаңалықтарды жіті қадағалап қана қоймай, оларды өз жұмыстарында қолдануға тырысады. Бұл қызығушылық тек сөз жүзінде емес, нақты жетістіктермен де дәлелденіп жүр. Мысалы, колледж студенттері «Kyzylorda Graft Fashion Week» атты облыстық дизайнерлер байқауында жүлделі орындарға ие болып келеді. «WorldSkills 2024» облыстық чемпионатында «Сән технологиясы» құзыреттілігі бойынша екінші дәрежелі дипломға қол жеткізген студенттеріміз бар. Сондай-ақ ерекше жандар арасында өткен «Жүрек жылуы» байқауында жоғары нәтиже көрсетіп, өнері мен шеберлігін дәлелдеген жастарымыз да аз емес. Қалалық деңгейде ұйымдастырылатын «Үздік тігінші» байқауларында да студенттер жүлдегер атанып, өз кәсіби білігін танытып жүр. Мұның бәрі – жастардың өз мамандығына ынтыасы мен талпынысының, шығармашылық әлеуетінің айқын көрінісі.

– Еңбек нарығында дизайнер мамандығына деген сұраныс қандай деңгейде? Түлектер қайда жұмыс істеп жүр?

– Бүгінгі еңбек нарығында дизайнер мамандығына деген сұраныс бар. Себебі тігін және сән индустриясы үнемі дамуда, жаңашылдықты талап етеді, сол себепті жаңа кадрларға деген қажеттілік тоқтамайды. Бұл салада табысты болудың басты шарты – еңбекқорлық пен шыдамдылық. Осы қасиеттер болған жағдайда жас мамандар өзіне лайықты орнын міндетті түрде таба алады. Біздің түлектер сән үйлері мен авторлық студияларда кәсіби дизайнер, модельер-конструктор ретінде жұмыс істей алады. Сонымен қатар жарнама және медиа агенттіктерінде визуалды шешімдер дайындау, киім стилизациясы, мерчендайзинг бағыттарында еңбек етеді. Дүкендер желілерінің мерчендайзинг бөлімдерінде тауарды сөреге шығарудың сәндік-эстетикалық тұстарын басқаруға дағдыланады. Түрлі ательелер мен шағын шеберханаларда клиентпен тікелей жұмыс істеп, тапсырыс бойынша тігін бұйымдарын әзірлейді. Яғни бір мамандық аясында бірнеше бағытты қатар меңгеруге мүмкіндік мол, бұл өз кезегінде еңбек нарығында дизайнерлерге деген сұраныстың тұрақты екенін көрсетеді.

– Сіздің ойыңызша, киім дизайны саласында табысты болудың құпиясы қандай?

– Ең әуелі табысты дизайнер болғысы келген адам креативті ойлай білуге керек. Дизайнер қалыпқа сыймайтын шешімдер ұсына алатын, жаңа бағыттар іздейтін, өз көзқарасын киім арқылы жеткізе алатын маман болуы тиіс. Соның негізінде оның жұмысы өзгеше, есте қаларлық, өзіндік қолтаңбасы бар деңгейге көтеріледі. Сонымен бірге үздіксіз ізденіс пен жаңалыққа ашық болу өте маңызды. Сән тенденциялары үнемі өзгеріп отыратындықтан, күн сайын кәсіби тұрғыда дамуға, білімін толықтырып отыруға дағдылануы керек. Еңбекқорлық пен жауапкершілік – кез келген саладағы табыстың іргетасы. Дизайнер сән әлеміндегі трендтерді бақылап қана қоймай, оларды терең талдай білуі, болашақта да өзектілігін сақтайтынын түсіне алуы қажет. Графикалық бағдарламалар мен 3D технологияларды меңгеру бүгінгі күні айрықша сұранысқа ие дағдыға айналды, сондықтан компьютерлік дизайн саласында да белгілі бір деңгейде білік болуы шарт. Жоғары эстетикалық талғам, түс үйлесімін сезіну, пішін мен силуетті дұрыс таңдай білу – табысты коллекцияның негізі. Бұған қоса тапсырыс берушімен жұмыс істей алу, яғни коммуникативтік дағдыларды дамыту да өте

Гүлсара БАЙДІЛДАЕВА, С.Ысқақов атындағы
Қызылорда құрылыс және бизнес колледжінің оқытушысы:

КИІМ – ҚАЖЕТТІЛІК ҒАНА ЕМЕС, ӨНЕР ТУЫНДЫСЫ

маңызды. Клиенттің талабын тыңдап, соны кәсіби сүзгіден өткізу арқылы ортақ шешім таба білу – дизайнердің беделін арттыратын ерекшеліктердің бірі.

– Студенттерді шығармашылық және кәсіби тұрғыда ынталандыру үшін қандай тәсілдер қолданасыз?

– Сабақ барысында тігін бұйымдарын дайындау кезінде ұтымды әдістерді қолдануға үйретемін, жаңа маталармен қорықпай жұмыс істеуге баулимын, материалды сезініп, тәжірибе жасауға шақырамын. «Бұл киімді өзім киемін деп ойлап, жауапкершілікпен қараңдар», – деймін. Себебі адам өзіне арнап киім тіксе, оның сапасын, тігісін, қырын, үлгісін

қайта-қайта қарап, ұқыптылыққа ерекше мән береді. Дәл осындай көзқарас қалыптасқан кезде ғана студент кез келген бұйымға үлкен жауапкершілікпен қарап, шығармашылық тұрғыда ойлануды үйренеді. Студенттердің қызығушылығын арттыру үшін оларды сән көрсетілімдеріне белсенді қатыстырамын, түрлі деңгейдегі байқауларға дайындаймын, шығармашылық жобалармен жүйелі түрде жұмыс істетемін. Әрбір шағын жеңісін, алғашқы жетістігін дер кезінде атап өтіп, бағалау арқылы ынталандырамын. Кейде бір ғана жылы пікір, сенім студентке үлкен күш береді. Сондықтан қолдау көрсету, пікірлесу, ой бөлісу және сенім арту – менің тәжірибемде

ең тиімді ынталандыру құралы. Әр студент өзін тыңдайтын, пікірмен санасатын ортада ғана еркін ойлап, жаңа идея ұсына алады.

– Жетістікке жеткен шәкірттеріңіз туралы да айтып өтсеңіз...

– Шәкірттерімнің жетістігі – мен үшін үлкен мақтаныш. Олар Қызылорда қаласындағы «Далатекс» тігін фабрикасында, «Сұлтан-Сүйрік» секілді мекемелерде, еліміздің басқа қалаларындағы ательелер мен түрлі тігін өндірістерінде табысты жұмыс істеп жүр. Әрқайсысы өз орнын тауып, кәсіби тұрғыда қалыптасып келеді. Кейбір түлектер жеке шеберханасын ашып, өз ательесін дамытып отыр, енді бірі жеке брендін қалыптастырып, авторлық киім коллекцияларын ұсынып жүр. Халықаралық байқауларда жүлделі орындарға ие болған шәкірттерім де бар, олар шетелдік сән мектептерінде білімін жалғастырып, шеберлігін шыңдап келеді. Осындай жетістіктерді естіген сайын, олардың әрқайсысының кезінде алғашқы эскизін қалай салғанын, алғашқы бұйымын қалай тіккенін еріксіз еске аламын. Бұл – дер кезінде берілген бағыт-бағдар мен табанды еңбектің жемісі.

– Дизайнер әрі педагог ретінде өз шығармашылығыңыз туралы айтсаңыз...

– Тігін өндірісіндегі әр мамандық қарапайым тігіншіден бастап арнайы тігінші, технолог, модельер-конструктор және дизайнерге дейін өз алдына маңызды, бірақ барлығы бір-бірімен тығыз байланысты. Осы тізбектің әр буыны өз орнында дұрыс жұмыс істегенде ғана сапалы әрі көркем бұйым дүниеге келеді. Мен өз жұмысымда осы үйлесімділікті сақтауға көп көңіл бөлемін және студенттерге де осыны түсіндіруге тырысамын. Соңғы жылдары біздің колледж құрылтайшының қолдауымен толық жаңғыртудан өтті, материалдық-техникалық базасы жаңарып, жаңа деңгейге көтерілді. Шеберханалар толық жанартылып, тігін цехтары мен пішу кабинеттері заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілді. Компьютерлік дизайн бөлмелері жаңа техникамен жабдықталып, студенттердің цифрлық дизайн бағытында тәжірибе жинауына жағдай жасалды. Мұның бәрі студенттердің кәсіби дағдыларын өндірістік ортада шыңдауға мүмкіндік беріп отыр. Өз шығармашылығымда әр шәкірттің талғамын, идеясын құрметтеп, жеке қолтаңбасын қалыптастыруға ерекше мән беремін. Мен үшін ең маңыздысы – дайын бұйымның өзі ғана емес, сол бұйымға жеткенге дейінгі ізденіс, қателік пен түзету, табандылық пен қуаныш қатар жүретін сәт. Байқауға дайындық, эскиздер жасау, үлгі таңдау, матамен жұмыс істеу – мұның барлығы болашақ маманның кәсіби әрі рухани қалыптасуына әсер ететін маңызды кезеңдер. Басты мақсатым – студенттерді ұлттық нақыш пен заманауи сәнді үйлестіре алатын деңгейге көтеруге. Ұлттық ою-өрнектерге, салт-дәстүрге құрметпен қарауды үйрете отырып, сол құндылықтарды бүгінгі жас ұрпаққа жақын, заманауи форматта ұсынуға басымдық беремін. Егер болашақ дизайнер ұлттық мәдениетке сүйеніп, әлемдік сән үрдістерін игерсе, онда ол кез келген ортада бәсекеге қабілетті, танымал маман бола алады деп сенемін.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан Сабина ХАЯТ

Меншік иесі:

**СЫР
МЕДИА**

жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығалады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «АШ» баспа үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3978 Талпырыс №2003

Нөмірдің кезекші редакторы Жарахан ҚУАНЫШБАЙ